

# Тайынша Маңы

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті  
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 29 (940) 30 маусым 2023 жыл

facebook.com/tainsha.tany



http://tainshatany.kz



tainsha\_tan@list.ru

## САРҚЫЛМАС ҚАЗЫНА

Мерекке ҚҰЛКЕНОВ,  
Қазақстан Жазушылар одағы  
басқармасының төрағасы

Биыл туғанына 130 жыл толып отырған ұлы ақынымыз Мағжан – қазақ поэзиясының шолпан жұлдызы. Ұлы Мұхтар Әуезовтің сонау 1923 жылы былай деп жазғаны бар: “Мағжан – мәдениеті зор ақын. Мағжанды сүйемін. Европалығын, жарқыраған әшекейін сүйемін. Бүгінгі күннің бар жазушысының ішінен келешекке бой ұрып, артқы күнге анық қалуға жарайтын сөз – Мағжанның сөзі. Одан басқамыздың бәріміздікі күмәнді, өте сенімсіз деп білемін”.

Осы сөзді жүз жыл өткен соң, бүгінгі 2023 жылы да қайталап айтсақ, еш артықтығы жоқ, өйткені Мағжан қазақ поэзиясына лириканың соны үлгісін әкелген, қазақ жырына еуропалық жаңа өрнек салған, артына өшпес рухани мұра қалдырған ұлы ақын. Осыдан жүз жыл бұрын, 1923 жылы қазақ баласынан тұңғыш рет Мәскеудегі Көркем әдебиет және өнер институтына түсіп, оны екі жыл оқыған Мағжанның әдебиетке кәсіби тұрғыдан қарап, саналы өмірін әдебиетке арнағанын біз ұмытпауымыз керек. Мағжанның барлық өмірі – поэзиясында тұр. Ақын өз заманында ел ішіндегі әлеуметтік, қоғамдық өмірге белсене араласып, соларға ақындық үн қосып отырады. Мағжан өлеңдері негізінен халқының, ел-жұртының тағдырына бағышталған. Мағжан – лирик ақын, сыршыл ақын. Ақын поэзиясының ең сұлу жағы – осы лирикалары. Олары романтикалық асқақ сезіммен өрілген. Жан тербетеді, адамды нәзік сұлу сезімдерге бөлейді. Ақын лирикасының тақырыптары да сан алуан. Мағжан – эпик ақын. Оның қаламынан “Батыр Баян”, “Қорқыт”, “Жүсіпхан”, “Қойлыбайдың қобызы”, “Оқжетпестің қиясында”, “Ертегі” сияқты поэмалар туған. “Батыр Баян” поэмасында өзінің халқына, алашына деген суымас перзенттік жүрегінің ыстық сезімін өлең өрнегіне шынайылықпен түсірген. Халқымыздың сондай ержүрек перзенттерінің бірі – батыр Баян. “Батыр Баян” поэмасы “Алашым” деп еңіреп, “майданда жолбарыстай” ерлік көрсеткен осы аруақты көкжал батырға арналған. Мағжан тек поэзиясымен ғана емес, “Шолпанның күнәсі” әңгімесі арқылы да қазақ прозасына психологиялық талдау, сана ағымы әдістерін енгізді. Жан-жақты білімін жетілдірген Мағжан Жұмабаев бірқатар шығыс тілдерінен дәріс алып, шығыс ақындарының жырларымен таныс болғаны мәлім. 1912 жылы Қазан қаласында жарық көрген “Шолпан” атты тұңғыш жинағының өзінде ел-жұртының тағдырына алаңдаған әлеуметтік, ауқымды кең мәселелерді көтереді. Не көрсем де алаш үшін көргенім, Маған атақ – ұлт үшін өлгенім! – деп халқына деген шексіз махаббатын жырлаған Мағжан Алаш қайракерлерімен байланыс орнатып, 1914-1918 жылдары “Қазақ” газетіне өлеңдерін жариялап тұрған. Қазақ жазушыларының басын ұлттық бағытқа біріктіріп, Семей, Ташкент, Петропавлда жүрген белсенді қайраткерлерге “Табалдырық” атты жаңа бағдарламаны қолжазба түрінде таратып, өзінің саяси ұстанымын білдірген. Өкінішке қарай, ұлттық мүддені көздейтін құжат жарыққа шықпайды. Бірақ осы үшін 1929 жылы Мағжан Жұмабаев жасырын ұлтшыл ұйым құрды деген жалған айыптаумен Мәскеудегі Бутырка түрмесіне қамалады. Сол кезеңде Мағжанның осы бастамасы қазақ зиялыларына терең ой тастап, қоғамның шынайы болмысын суреттеген туындылар жарық көре бастайды. Мысалы, Мұхтар Әуезов “Хан Кене” шығармасын жазса, Мағжанның “Жүсіпхан” деп аталатын көркем дүниесі – соның айғағы. Небәрі 44 жыл ғұмыр кешкен Мағжан Жұмабаев өзі өмірден өтсе де, артына өлмес мұрасын қалдырды. Әдеби туындылармен бірге Мағжанның қаламынан туған оқу құралдары да көпшіліктің қызметіне жарап келеді. Жастарды оқу, білімге шақырған қаламгер әлемдік педагогиканы қазақтың ұлттық ерекшеліктеріне сай етіп, бірқатар еңбек жазды. 1923 жылы оның Ташкентте “Педагогика” атты кітабы және төменгі сыныпқа арналған “Сауатты бол” атты оқулығы жарық көрген. Ақын жинағы ең соңғы рет 1995 жылы сапалы шықты. Содан бергі аралықта жаңадан табылып жатқан Мағжанның мұрасы мол. Мағжанның Қорқыт ата, Ыбырай Алтынсарин туралы мақалалары да сол басылымдардан табылып отыр. Мағжанның шығармалары төңірегіндегі олқылықтарды жөндеп, әр жерде шашылып жүрген еңбектерінің басын біріктіріп, бір жүйеге түсіріп, түпнұсқамен салыстыра отырып, түсініктемесін жазып, шығару керек. Ол ақын аруағы алдындағы борышымыз болмақ.

## ҰЛТ ҮШІН ТУҒАН ҰЛЫ ТҰЛҒА

• Мағжан – 130

Көк шалғыны көсілген,  
қалың орманы сыңсыған кең  
даланың төсін қаққа бөліп  
қара жол шұбап жатыр. Бұл –  
жай жол емес. Мағжан туған  
киелі Сарытомарға, Сасықкөл  
жағасына апаратын үлкен жол.  
Алапат ақындық күші теңдессіз  
даңқты бабамыздың шыққан  
тегіне бастайтын даңғыл  
жол. Жасынан білім қуып, асқақ  
арманына құлаш ұрған бала  
Мағжан Қызылжарға барған  
ұлы жол. Бұл жолдың бойында  
тарихтың ақтаңдағы, талай  
тектілердің табанының  
ізі жатыр. Бір кездері жас  
Мағжанды еліне өле-өлгенше  
қызмет қылуға бастаған  
жолдың бүгін сол елін Мағжан  
тұлғасын тануға бастап  
тұрғандай.

Әсіресе ақынның туған күні қарсаңында бұл жолдың бойында жолаушы көп. Ел тізгінін ұстаған басшылардан бастап қарапайым халыққа дейін бәрі ақынның туған жеріне ағылуда. Алашқа сары алтындай ұл сыйлаған Сарытомар жұрты биыл күллі елге сауын айтып, той жасады. Бір ғасырда бір туатын ақынның мерейтойын бір көріп кету – кімге де болсын арман. Арыс азаматтың аруағына бас иіп, алыс-жақыннан аттай қалап жеткен ағайында есеп жоқ. Ауыл маңындағы жайлаудың жаны кіріп, жұрт жәрмеңкеге келгендей жадырап жүр. Тойды көреміз дегендер таң атқалы толастамастан ағылып келуде. Аумағы атшаптырым жерді алып жатқан алаңға мыңдаған адам жиылған. Қай жерге барсаңыз да, қаумалаған халық. Қалалық жердің өзінде мұнша адамды сирек көресіз. Ал осынша елді қашықтағы тойдан көру тіптен ерекше әсер сыйлайды. Бұл да болса Мағжан ақынның құдіреті, елінің өз арысына деген шексіз махаббаты шығар. Жан-жағын орман қоршаған жайлаудың бір жағына үлкен сахна құрылса, енді бір жағына халқымыздың қонақжайлығын еске салар киіз үйлер тігіліпті. Кіреберісте қолөнер шеберлерінің жәрмеңкесі орын тепкен. Он саусағынан шыққан өнер туындыларымен өңір жұртына танымал болған шеберлер бұл ауылға өз бұйымдарын әкеліпті. Сазбалшыққа жан бітірген шеберлердің бірінің Мағжанның шағын мүсінін жасағаны бізді таңғалдырды. Онымен қатарласа тұрған тоқыма бұйымдары, ағаштан ойылған ыдыс-аяқ, әшекей, сурет, кәде-сыйлар көздің жауын алады.

Көп ұзамай жұртшылық үлкен сахнаның маңына жинала бастады. Шараның құрметті қонақтары да сахна алдына жайғасты. Мерекелік шара С.Мұқанов атындағы облыстық қазақ сазды-драма театрының актерлары әзірлеген “Елін сүйген – ер Мағжан” атты театрландырылған көрініспен ашылды. Одан әрі сахна төріне мерейтойдың құрметті қонақтары шақырылды. Шараға елорда төрінен Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошанов бастаған бір топ депутат келіпті. Төменгі палата спикері жиылған елге Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Құттықтау хатын оқып берді.

“Қадірлі қауым! Сіздерді қазақтың аса көрнекті ақыны Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл толуымен құттықтаймын. Мағжан ақын – төл әдебиетіміздің көкжиегін кеңейтуге өлшеусіз үлес қосқан қаламгер, Алаштың азаттығы жолында аянбай күрескен, ұлттық рухтың жаршысы болған біртуар тұлға, қазақтың ғана емес, тұтас түркі жұртының мақтанышы. Ақынның Отанға деген шексіз сүйіспеншілікке толы жырлары халқымыздың жүрегіне жол тауып, руханиятымыздың алтын қорына енді. Әсіресе “Мен жастарға сенемін!” атты өлеңі – өскелең ұрпақтың жігерін жанып, намысын қайраған теңдессіз туынды. Елге қызмет етуді көздеген әрбір азамат осы өсиетке адал болуы тиіс. Мен Түркістанда өткен ұлттық құрылтайда жастардың бойына ізгі қасиеттерді сіңіру қажеттілігіне ерекше тоқталдым. Бұл ұлтымыздың жаңа сапасын қалыптастыру үшін өте маңызды. Осы орайда Мағжанды тану, Мағжанды таныту – тәрбиелік әрі тағылымдық мәні бар мәселе. Сол себепті оның шығармашылығын терең зерделеп, жан-жақты дәріптеу



керек. Артында өлмейтұғын сөз қалдырған ақынның мол әдеби мұрасы талай буынға өнеге болары сөзсіз. Оның өміршең өлеңдері халықпен бірге жасай береді”, – делінген Президенттің құттықтауында. Мемлекет басшысының құттықтауын оқыған Ерлан Жақанұлы Қызылжар халқына Парламент депутаттарының да ыстық сәлемін жеткізді. Өз сөзінде ол Қызылжар топырағының қазақ тарихында өшпес із қалдырған киелі мекен екенін айта келе, мерейтойдың дәл осы жерде өтуінде зор мән бар екеніне тоқталды. Спикер қандай қиын заман келсе де, ақынын ұмытпаған Сарытомар елімен жақсы таныс екенін айтты.

– Маған бұған дейін Жезқазғанда қызмет етіп жүргенде ақынның 100 жылдық тойына қатысу бақыты бұйырған еді. Содан бері 30 жыл өтсе де, халқымыздың Мағжан тұлғасына, Мағжан мұрасына деген ықыласы мен махаббаты өзгерген емес. Жыл басында Жасмин есімді қаршадай қыздың бастауымен ақын жырларын оқу эстафетасы қолға алынды. Мен быыл ғана осындағы Мағжан мұражайына арнайы келіп, жазушы-журналист Жарасбай Сүлейменов бастаған ағаларыммен, зиялы қауым өкілдерімен кездестім. Ұлы ақынның мерейтойында тағы да өздеріңізбен жүздесіп отырғанымға қуаныштымын. Мағжанның тойы – күллі Алаштың тойы, Алаш рухының тойы. Әрдайым осындай тағылымы мол, игі істің басында жолығайық, – деді Ерлан Жақанұлы. Кейін сөз алған облыс әкімі Айдарбек Сапаров қонақтар мен өңір халқын құттықтап, Мағжанның ақын, жазушы, педагог, түркітанушы, бір сөзбен айтқанда, сан қырлы тұлға болғанын сөзіне тұздық етті. Түркиядағы Гази университетінің профессоры Хулия Ченгелдің сөзін де көпшілік жылы қабылдады. Түрік ғалымы Мағжанның еліне келгенде ақынның өзі жырлаған қазақ тілінде сөйлеп, ақынның түркі дүниесіне ортақ тұлға, Түркиядағы ірі оқиғаға үн қосқан жанашыр азамат екенін тебірене айтып берді. – Осынау үлкен мерейтойға қатысу – менің өңірімдегі ең зор қуаныш. Соңғы 30 жыл Түркияда Мағжан туралы мақалалар жазылып, диссертациялар қорғалып, дәрістер оқылуда. Қазақ тілі – түркі тілдерінің ішінде ең бай әрі өзінің байырғы қалпын сақтаған тіл. Мағжан айтқандай, қазақ тілі күллі түркі жұртын ақ қолымен өзіне тартады. Алаштың ардақтысы Әлихан Бөкейханов: “Мағжандай ақыны бар, бір жерде тізе қосып отырған 5 миллион қазақтың тілі қалай жоқ болады?!” – деген болатын. Мен Мағжандай ақыны бар 19 миллион қазақтың тілі жоғалмайтынына сенемін, – деді түркиялық ғалым. Сарытомарға келгенде ақынның жерлестері алдында тебірене сөйлеген Хулия Ченгел Мағжанның “Сағындым”, “Алыстағы бауырыма”, “Қазақ тілі”, “Мен жастарға сенемін” өлеңдерінен үзінділер оқып берді. Ғалымның ана тіліміздегі әсерлі сөзіне ықыласы ауған халық оған қайта-қайта қол соғумен болды. Бұдан соң Мағжанның туған ағасынан тараған ұрпағы Жанат Мұслимов мерейтойды ұйымдастырушыларға алғысын білдірді. Құрметті қонақтардың қатарында Сенат депутаты Әсем Рахметова, Мәжіліс депутаты Қазыбаек Иса, Ермұрат Бәпи, Жанарбек Әшімжан, Еркебұлан Мәмбетов, Айгүл Құспан, Мұқаш Искандеровтармен қатар Мерекке Құлқенов, Ұлықбек Есдәулет, Ғалым (Жалғасы 2-бетте).



2023 жылғы шілдеде аудандық мәслихаттың төрағасымен, облыстық және аудандық мәслихаттың депутаттарымен азаматтарды ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Table with 3 columns: № р/с, Қабылдауды жүргізген тұлғаның тегі, аты-жөні, лауазымы, жұмыс орны, Қабылдау күні мен орны. Rows 1-13 listing various officials and their appointment dates.

Аудандық мәслихат депутаттарының қабылдау уақыты: 11.00.-ден 13.00.-ге дейін. Мына телефондар арқылы қабылдауға алдын-ала жазылуға болады: аудандық мәслихат – 23 4 85, 23 0 72.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНДАРЫ

Table with 2 columns: №, «СҚО Тайынша ауданы әкімінің аппараты» КММ. Rows 1-28 listing contact numbers for various departments.

Бұл телефондар арқылы мемлекеттік қызметкерлердің Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметкерлерінің Этика Кодексін бұзуы және сыбайлас жемқорлық бұзушылықтар жасау фактілері туралы хабарлауға болады.

«СҚО Тайынша ауданы әкімінің аппараты» КММ www.tsh.sko.gov.kz

2023 жылдың III тоқсанында Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімімен, оның орынбасарларымен және аппарат басшысымен жеке тұлғаларды және заңды тұлғалар өкілдерін жеке қабылдау КЕСТЕСІ

Table with 6 columns: Мемлекеттік органның атауы, Азаматтарды қабылдауды жүргізетін тұлғаның Т. А. Ә., Азаматтарды қабылдауды жүргізетін тұлғаның лауазымы, Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты, Мемлекеттік органның орналасқан жері, Байланыс телефон. Rows 1-4 listing officials and their appointment details.

Ескертпе: қабылдауға алдын ала жазылу 8 (71536) 22-3-42 телефоны бойынша жүзеге асырылады

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының Тайынша қаласы мен ауылдық округтердің әкімдерінің 2023 жылдың III тоқсанында жеке тұлғаларды және заңды тұлғалар өкілдерін жеке қабылдау кестесі

Table with 6 columns: Мемлекеттік органның атауы, Азаматтарға қабылдау жүргізетін тұлғаның Т.А.Ә., Азаматтарға қабылдау жүргізетін тұлғаның лауазымы, Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты, Мемлекеттік органның орналасқан орны, Байланыс телефоны. Rows 1-28 listing various officials and their appointment details.

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы жергілікті атқарушы органдары басшыларының 2023 жылдың III тоқсанында жеке тұлғаларды және заңды тұлғалар өкілдерін жеке қабылдау кестесі

Table with 6 columns: Мемлекеттік органның атауы, Азаматтарға қабылдау жүргізетін тұлғаның Т.А.Ә., Азаматтарға қабылдау жүргізетін тұлғаның лауазымы, Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты, Мемлекеттік органның орналасқан орны, Байланыс телефоны. Rows 1-10 listing officials and their appointment details.



## ТАЗА ҚАЗАҚСТАН

төлемнен босатылады.

Экология саласында өндіріс және тұтыну қалдықтарын басқаруда дамыған елдер инновациялық жобаларға әлдеқашан көшіп кетсе, Қазақстанда ол әлі басты проблема саналады. Түйткілді жайттарды барынша азайту мақсатында 9 ауданда тұрмыстық қалдықтар полигондарын салу көзделген. Қолданыстағы полигондардың экологиялық заңнаманың талаптарына сәйкес ресімдеу мүмкін болмай отыр. Осыған байланысты аудан орталықтары мен ірі елді мекендер үшін 8 полигон құрылысының жобалық-сметалық құжаттары әзірленді. Жобаларды іске асыру құны – шамамен 8 млрд. теңге. Полигон мәселесі облыс орталығына жақын орналасқан Қызылжар ауданы тұрғындарының да алаңдаушылығын туғызып отыр. Қазіргі уақытта аудан әкімдігі жер учаскесін бөліп, қалдықтарды заманауи сұрыптау және кәдеге жарату технологиясы бойынша мәселені шешуді қарастыруда. Жол картасы негізінде қалдықты бөлек жинау қолға алынды. Петропавл қаласында 1124 контейнер, макулатураға арналған 800 экобокс орнатылған. Қайталама шикізат қабылдайтын 8, электрондық және электр жабдықтарын жинауға арналған 1 мобильді пункт жұмыс істейді. 2022 жылы өндірушілердің субсидиялау бойынша міндеттемелерінің орындалмауына байланысты («РимКазАгро» ЖШС) контейнерлердің 70, экобокстардың 50 пайызы алынып тасталды, шикізат қабылдайтын бір пункт («LS Petropavlovsk» ЖШС) жабылды.

Ақжар және Ғабит Мүсірепов атындағы аудандарда 2 кәсіпкер өз қызметін тоқтатуға мәжбүр болды. Экология және табиғи ресурстар министрлігі деңгейінде қалдықтарды басқару саласындағы кәсіпорындарды қолдау үшін биыл заңнамаға түзетулер енгізу жөніндегі барлық қажетті іс-шаралар аяқталғаннан кейін шығындарды өтеу тетігі қайта қарастырылмақ. 324 контейнер және 400 экобокс қойылып, қайта өңделетін шикізатты қабылдауды 7 пункт жүзеге асырады. 6 ауданда қайталама шикізат жиналады. Аумақты дамыту бағдарламасына орай жыл аяғына дейін қоқысты қайта өңдеу және кәдеге жарату үлесі 23,5 пайызды құрауы тиіс. Былтыр бұл көрсеткіш 18,3 пайыз болған. Қажетті инфрақұрылымды тиісті түрде дамыта отырып және кәсіпкерлік субъектілерін кеңінен тарту арқылы барлық мүмкіндіктерді қарастыратын боламыз. Әкімшіке қарай, қатты қалдықтарды рұқсат етілмеген орындарға үйіп-төгу әлі тыйылмай келеді. Ғарыштық мониторинг құралдары арқылы 232 рұқсатсыз орналастыру орны анықталды, атап айтатын болсақ, Петропавл қаласында – 6, Айыртау ауданында –19, Аққайың ауданында – 28, Есіл ауданында – 3, Мағжан Жұмабаев ауданында – 4, Қызылжар ауданында – 97, Мамлют ауданында – 26, Тайынша ауданында – 49. Бұлардың 97 пайызы жойылды. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласындағы кәріз желілерін салу, жаңғырту жөніндегі іс-шаралардың ауқымы кең. Новошымка ауылында кәріз желілері мен тазарту нысандарының құрылысы жүргізілді. Жоба құны – 3,179 млрд. теңге. Биыл инженерлік желілерді іске қосуды жұмыстарына қосымша 225 млн.теңге қарастырылды. Бекітілген кестеге сәйкес, кәріз-тазарту құрылыстарын салу жобаларын іске асырудың жол карталары әзірленген. Булаево, Мамлютка, Тайынша қалаларында кәріздік-тазарту қондырғылары салынады. Оның технологиялық схемаларын жаңғыртуды аяқтау үшін арнайы тапсырма қабылданып, техникалық тексерулер жүргізіледі. Және де бекітілген кестеге сәйкес жаңғырту жөніндегі барлық жобалар республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен іске асырылады. Облыстың су объектілерінің ластануын, бітелуін және сарқылуын болдырмау мақсатында су қорғау аймақтары мен белдеулері белгіленген. Жембарақ және Мұқыр өзендеріне су қорғау аймақтары мен белдеулер орнатылды. Шудасай өзенінің учаскесінде, Аралтөбе және Қамысақты өзендерінде су қорғау аймақтары мен белдеулерінің жобалары әзірленді. Биыл Шарық өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулерінің жобасы рәсімделеді. Барлығы 81 су объектісінде су қорғау аймақтары мен белдеулері бар. Атмосфераға ластанушы заттардың эмиссияларын қысқарту, жасыл белдеуді дамыту, су ресурстарын реттеу, қоршаған ортаның жай-күйіне тиісті мониторинг жүргізу жөніндегі жол картасында белгіленген іс-шаралар жоспарлы түрде іске асырылатын болады.

**Бейбіт ИСМАНОВ,**

**облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы.**

## ЖАУАПТЫ ҚЫЗМЕТКЕ БАСЫМДЫҚ БЕРУ ӨТЕ МАҢЫЗДЫ

Мемлекеттік қызмет - бұл қоғам мен мемлекеттің жеке адамдарға деген сенімін көрсететін құрметті қызмет. Халықтың әл-ауқатын, ахуалын арттыру мемлекеттік аппарат ішіндегі қажырлы еңбектің нәтижесі болып табылады. Мемлекеттік қызметтегі әрбір маман жауапты жолды таңдағанын ескере отырып, өз рөлінің маңыздылығын түсінуі керек. Олар шынайы патриотизмді, әділдік пен адалдықты бейнелеуі жөн. Мемлекет басшысы атап өткендей, ел мемлекеттік қызметті дамытудың жаңа кезеңіне қадам басқандықтан, тиімділікке, ашықтыққа және адамдардың қажеттіліктеріне сәйкес келетін жауапты қызметке басымдық беру өте маңызды.

Мемлекеттік қызметкер күніне орай біз қоғамымыздың үздіксіз үрдісін қамтамасыз етіп, туған жері мен өзінің туған елі үшін тынымсыз жұмыс істейтін, тұрған өңіріне шынымен де өз еңбек үлесін қосып жүрген аттары көбіне айтылмай қалатын бүгінгі күннің батырларына құрмет көрсетеміз. Бүгінгі біздің кейіпкеріміз, үлгілі мемлекеттік қызметкер, жерлесіміз, Тайынша қаласының әкімі Валерий Шпаковский.

Әкім ретінде ол өзіне жүктелген мемлекеттік қызметті абыроймен атқарып жүр. Халық арасында болып, олардың жағдайымен күнделікті танысып отыруды да әдетке айналдырған. Арнайы қабылдауға келген азаматтардың да көңілінен шығып, сұрақтарына жауап, ал кейбір мәселелерге ерекше түсінік беріп көпшіліктің алғысына бөленіп жүрген азамат қаланың көгалдандыру жұмысына да ерекше көңіл бөледі. Тайынша қаласының орталығында да В.Шпаковский қалатұрғындарының өмірін жақсарту үшін көп жұмыс атқарды. Соңғы төрт жыл ішінде Тайынша әкімі қызметін атқарған ол ерекше көшбасшылық және өз рөліне деген шынайы адалдық танытты. Жұмысына деген талпынысы қаланың көгалдандырылуынан бастап инфрақұрылымының дамығанына дейінгі әртүрлі салаларда жеткен жетістіктері баршылық. Валерий Шпаковский шынымен де үлкен жауапкершілікке ие. Әкімнің көп қырлы рөлі қаланы басқарудың әртүрлі аспектілерін, соның ішінде жолдарды, жарықтандыруды, тұрғын үй құрылысын және халыққа әсер ететін өзекті мәселелерді шешуді қамтиды. Бірақ қала әкімінің еңбегі осымен ғана шектелмейді, өйткені ол қызметтес серіктестерінің де күнделікті өмірлеріне белсене араласады, көмек қажет жандарға үнемі көмек көрсетеді. Кез келген мемлекеттік қызметкердің алдында тұрған негізгі міндеттердің бірі - қалада тазалық пен тәртіпті сақтау. Бұл әкімдік аппаратының құзыретіне тікелей кірмесе де, В.Шпаковский бұл мәселемен тығыз айналысуды өз қолына алды. Таза қала - тұрғындардың мақтанышы мен жайлылығын қамтамасыз ететінін мойындай отырып, қала әкімі адамдардың өздерінің салғырт қарауынан пайда болған қоқыс, айнала өсіп кеткен шөп және тайыншалық тұрғындарының жалпы тазалығын бақылап отырады. Сонымен қатар, Валерий Анатольевич білім берудің күші мен жеке үлгі көрсету жауапты және саналы қоғамды қалыптастыруда шешуші рөл атқаратынына сенеді. Ол ата-аналарды осы құндылықтарды үйде тәрбиелеуге шақырады және балаларға тәртіп пен тазалыққа үйретудің маңыздылығын атап көрсетеді. В.А.Шпаковский мектепте мұғалім болып жасаған уақытта балалармен жұмыс істеу тәжірибесіне орай, ең маңызды құндылықтардың үйде қалыптасатынын айтады және әр тұрғынның өзі тазалық мәдениетін дамытса, қала өркендеп, өз тұрғындары үшін тартымды орынға айнала алатынын түсіндіреді.

Әкім өзінің барлық кәсібилігін тек ілімдермен ғана емес, сонымен қатар жасалған тірлігімен де көрсетеді. Тайыншаның басшылығында отырған жылдары, қаланың сыртқы келбеті мен инфрақұрылымы жағынан айтарлықтай өзгерді.

Тек осы жылы ғана жасалған жұмысты айтып кетсек: кешенді техникалық қызмет көрсету келісімшартының бөлігі ретінде ақаулы көше шамдары ауыстырылды, бұл тұрғындардың қауіпсіздігін одан әрмен арттырды, Пролетар, М.Жұмабаев, Астана, Октябрьдің 50 жылдығы және Чкалово айналма жолын қоса алғанда, негізгі көшелер бойындағы 76 шам сәтті ауыстырылды.



Сонымен қатар, бірнеше иесіз ғимараттар бұзылып, қаланың эстетикалық тартымдылығы арттырылды. Оған қоса осы жылы петунья гүлдерінің 15 мың тамырлары мен ағаш көшеттері отырғызылып, 350-ге жуық ағаш мұқият өңделген, бұл қаланы көгалдандыруға және қоршаған ортаның әл-ауқатына оң ықпал етті. "Жеңіс" саябағында Ұлы Жеңіс Күніне қарай жөндеу жұмыстары жүргізілген. Саябақта жаңартып бояу және жарықтандыру жақсартылған. "Достық" саябағы мен Жұмысшы мөлтек ауданында бес ойын алаңының екеуі техникалық қызмет көрсетуден өтті, бұл балаларға қауіпсіз және жағымды уақыт өткізуге мүмкіндік береді.

Оған қоса Валерий Шпаковский мырза әлі күнге дейін қалдықтар мен реттелмейтін свалкаларды дұрыс алып тастау мәселесімен қатты күресуде. Бұл мәселені шешу үшін әкімшілік хаттамалар жасалды, нәтижесінде көңді, күлді, арамшөптерді және құрылыс қоқыстарын дұрыс сақтамай, үйіп қойғаны үшін 28 заң бұзушылық анықталды. Заманауи технологияларды қолдана отырып, қырағы тұрғындар орнатқан бейнебақылау камералары қалдықтарды заңсыз шығарумен айналысатын құқық бұзушыларды анықтауды жеңілдетті. Осы құралдарды қолдана отырып, Валерий Шпаковский жерлестерін болашақ тәртіп бұзушылықтардың алдын алуға және қаланың тазалығын сақтауға шақырады. Біздің кейіпкеріміз қолы босаған кездерде аудандық «Тайынша таңы» және «Тайыншинские вести» газеттерінің әр санын асыға күтіп отыратынын айтады. Тайыншалықтардың әрқашанда көңілі көтеріңкі болу үшін түннің тыныштығы, ал күнделікті өмірде адамдардың білесі атқаратын жұмыстары болса, сонымен қатар, тәртіп пен тазалық, өзара түсіністік болса, туған өлке, өңіріміздің абыройы асқақтай береді, - дейді қала әкімі, мемлекеттік қызметкер. Газет тілшілеріне берген сұхбатында қала әкімі алдағы жұмыс жоспарларымен де бөлісті. Астана мен Пролетар көшелерінің бойындағы жолға тас төселіп жөнделеді, сонымен қатар автобус аялдамаларын жөндеу және 2024 жылы көлік жолынан басқа адамдар жаяу жүретін жолдар, автотұрақтар мен тұрғын үйлерге машина жақын тоқтайтын арнайы орындар болады. Бұл, әрине, қыруар қаржы, бірақ осы жұмыстардың бәрі халықтың игілігі үшін. Сауда нүктелерін ұстайтын жеке кәсіпкерлермен де хабарласып тұрамыз, - дейді қала басшысы. «Дарын» дүкенінің жанында біршама атқарылған жұмыстар көз қуантады, сонымен қатар, Элеватор төңірегінде де біршама істер атқарылғанын қала басшысы қуана жеткізіп, қала тұрғындарының өз қаламыздың әдемі, таза болуына ат салысып жатқанына алғысын білдірді.

Қорытындылай келе, Мемлекеттік қызметкерлер күнін атап өтіп, өз өмірін қоғамға қызмет етуге арнаған барлық мемлекеттік қызметшілерге шын жүректен ризашылығымызды білдіреміз. Олардың тынымсыз еңбегі біздің қоғамның үздіксіз жұмыс істеуі мен дамуына, сән-салтанатына үлкен үлес қосады. Осындай қызметкерлердің арқасында қоғамымыз, өзіміз өмір сүріп жатқан өңіріміз күнен күнге өркендей түседі деген сенімдеміз!



# АРДАГЕРЛЕРІМІЗДІ АРДАҚТАЙЫҚ

Маусым айының тоғызыншы жұлдызында Мәлеуметтік жоба аясында мерекелік іс-шара өтті. Ардагерлеріміздің еңбегін кейінгі ұрпаққа үлгі ету мақсатында, облыстық ардагерлер кеңесінің “Шын жүректен” жобасы аясында «Мен еңбегіммен мақтанамын» тақырыбында мерекелік іс-шара өтті. Жиынның басты кейіпкерлері ауданымыздың майталман еңбек ардагерлері – Сағидолла Тасимов, Күликен Абдиқаримова, Мария Бирюкова және Ұлбике Мұсақанова болды. Олардың еңбек жолдары мен өмірге деген көзқарастары, іскерлігі және өмір жолында кездестірген қиындықтарға төтеп бере алатын батылдығы, шынымен де кейінгі ұрпаққа, жастарға үлгі! Мерекелік іс-шараға облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Бейбіт Абілев, облыстық ардагерлер кеңесінің баспасөз хатшысы Марат Ермұқанов мырза және өмірінің 26 жылында трактор тізгіндеген Еңбек ардагері Қазиза Кеңесбаева қатынасты.

Ардагерлер ұйымдары арасында мұндай ауқымды іс-шараны тайыншалықтар облыс аудандары арасында бірінші болып өткізді. Аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Анатолий Рафальский бұл қызметке жақында ғана тағайындалса да іске білек сыбана кірісіп, тәрбиелік мазмұны терең шараны ұйымдастыруға үлкен жауапкершілікпен қарап, жан-жақты ойластырғаны бірден байқалды. – Біз осы мерекеге құрметті еңбек ардагерлері тұрып жатқан ауыл мектептерінің оқушылары мен жастарын шақырдық. Өскелең ұрпақ аға буынның ерен істерін мақтан тұтып, сол кісілердің жолын қуса деп ойлаймыз. Еліміздің дамуы жолында бар күш-жігерлерін арнаған алдыңғы толқынның қай ісі болмасын өрендерді шабыттандыруы керек, – дейді Анатолий Павлович.

Сахна төріне көтерілген “Құрметті теміржолшы”, “Адал еңбегі үшін” төсбелгілерінің иегері Сағидолла Тасымовты, “Октябрь” кеңшарындағы мал фермасының бұрынғы жұмысшысы, “Еңбек ардагері” төсбелгісімен марапатталған Мария Бирюкованы, ауданнан тыс жерлерге де танымал шебер тігінші, бұрынғы “Звезда коммуны” ұжымшарындағы сүт фермасының алдыңғы қатарлы сауыншысы болған Ұлбике Мұсақанованы, “Құрмет белгісі” орденінің иегері, тракторшы Күликен Әбдікәрімованы залда отырғандар ерекше қошеметпен қарсы алды. Мерекелік іс-шараның негізгі кейіпкерлерінің әрқайсысының өмір жолы - тарихи шежіре десек артық емес. Біз әлеуметтік-экономикалық жетістіктерге осындай жандардың маңдай терінің арқасында қол жеткізгеніміз рас. – Менің бүкіл өмірім Октябрь ауылында өтті. Сол елді мекенде тракторшы да, шопан да болдым. Целиноград темір жол көлігі техникумын сырттай бітірдім. Мемлекеттік көлік және байланыс академиясын тамамдағаннан кейін мені облыс орталығына жалақысы мол қызметке шақырып, пәтер бермекші де болған. Бірақ балғын балалық шағым өткен ауылымды, құлынтайдай тебісіп бірге өскен достарымды, біте қайнасып кеткен ұжымымды, көңіліме қуаныш сыйлаған жұмысымды қиып кете алмадым, – дейді Сағидолла Тасымов өткен күндерді еске алып. Ол шойын жол ардагері. Күликен Әбдікәрімова болса сегізінші сыныпты бітіргеннен кейін кеңшардағы қайнаған еңбекке кірісіп кеткен. Оның абыройға бөленіп, биік шыңға көтерілуі бұрынғы Көкшетау облысының “Терновский” кеңшарында тракторист әйелдер бригадасын құрған күннен басталыпты. Бұдан кейін комсомол-жастар бригадасына жетекшілік еткен. 1978 жылы Көкшетау облысынан Бүкілодақтық комсомол ұйымының он сегізінші съезіне делегат болып қатысқан. Мария Бирюкова да төзімділік пен қажыр-қайрат сынға түскен талай қиын жолдардан өтті. Шалғайдағы Гомель облысында дүниеге келгенімен, 1961 жылы біздің өңірге отбасымен көшіп келіп, Большой Изюм ауылына қоныстанғаннан бірден бауыр басып кеткен. Ол “Октябрь” кеңшарының мал фермасында 1962 жылдан бастап зейнетке шыққанға дейін отыз екі жыл табан аудармай жұмыс істейді. Тайыншалықтар “Бесжылдықтың жас гвардиясы” төсбелгісімен марапатталған еңбек ардагері,



тігіншіліктің тілін ерекше түсінетін тігінші Ұлбике Мұсақанованың да есімін ерекше ілтипатпен атайды. Оның “Звезда коммуны” ұжымшарының фермасында сауыншы болып жұмыс істеген жылдары Мәскеуде өткен Бүкілодақтық комсомол ұйымының съезіне қатысқанын жерлері мақтанышпен айтып отырады. Ол икемі келген істі игеріп әкетіп, отбасылық кәсіпке айналдырып отыр. Зейнетке шыққаннан кейінгі жылдары Ұлбике Жаналиқызы қол құсырып бос отырған емес. Қазір бала кезінен бері серігіне айналған тігіншілікпен айналысады. Оның қолынан шыққан сәнді киім, ұлттық нақыштағы киіз үйді безендіруге арналған өрнектер, түрлі бұйымдар еріксіз көз тартады. Бойына біткен дарынды кәсібіне айналдырып отырған іскер жанның еңбекқорлығына сүйсінесің. Мерекелік іс-шара барысында сөз алған “Алабота” жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры, облыстық мәслихаттың депутаты Ерлан Алпысов жастық шағын жасампаз еңбекке арнаған аға буын өкілдері жас ұрпақ жүрегінде халқымыздың асыл құндылықтарын, құрмет сезімін оятатын жарқын үлгі екенін айтып, тәлімі мол осы шараны ұйымдастырған аудандық ардагерлер кеңесіне алғысын білдірді. “Шын жүректен” жобасы шеңберінде еңбек ерендерін ұлықтау жұмыстары, мерекелік жиындар басқа аудандарда да жалғасатын болады.

Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, *«Тайынша таңы»*





# Ортақ үлесті меншікке қатысушылар үшін (үлесшілер) Қазақстан Республикасы заңнамасының қажетті нормаларының жинағы

## (Жалғасы. Басы 7-бетте).

3) қатысушылардың жалпы жиналысының түрі: кезекті немесе кезектен тыс;

4) жиналысты өткізу тәртібі;

5) сырттай дауыс беруді өткізу тәртібі және сырттай дауыс беруге арналған рәсім;

6) соған сәйкес жиналыс өткізілетін Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерінің нормалары. Серіктестік қатысушыларды бұқаралық ақпарат құралдары арқылы қосымша хабардар етуге құқылы. 1-1. Акционерлік қоғамнан қайта құрылған жауапкершілігі шектеулі серіктестікке қатысушылардың жалпы жиналысын шақыратын, жүз және одан көп қатысушылар саны бар орган немесе тұлға (тұлғалар) жиналыс ашылғанға дейін отыз күн бұрын оның өткізілгені туралы серіктестікке қатысушыларды хабардар етуге міндетті. Жүз және одан да көп қатысушылары бар серіктестікке қатысушылардың жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама серіктестіктің жарғысында көрсетілген баспа басылымында жариялануға тиіс. Қатысушылардың тізілімін жүргізуді орталық депозитарий жүзеге асыратын, қатысушылардың тізілімін жүргізуді жүзеге асыратын жауапкершілігі шектеулі серіктестікке қатысушылардың жалпы жиналысын шақыратын орган немесе тұлға (тұлғалар) жиналыс ашылғанға дейін отыз күн бұрын серіктестікке қатысушылардың тізілімінде көрсетілген мекенжай бойынша серіктестіктің әрбір қатысушысына оның өткізілгені туралы жазбаша хабарлауға міндетті. Кредиттік серіктестікке қатысушылардың жалпы жиналысын шақыру тәртібі мен мерзімдері Қазақстан Республикасының кредиттік серіктестіктер туралы заңнамасында айқындалады. 2. Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің кез келген қатысушысы жалпы жиналыстың күн тәртібі бойынша өз ұсыныстарын ол ашылғанға дейін он күннен кешіктірмей енгізуге құқылы. Осы мерзім ішінде жиынтығында жалпы дауыс санының бес және одан да көп пайызы бар серіктестікке қатысушылар өздері айқындаған мәселелерді жалпы жиналыстың күн тәртібіне енгізуге құқылы.

Бұл талапты орындау жалпы жиналысты шақыратын орган немесе тұлға үшін міндетті болып табылады. Егер серіктестік қатысушыларының ұсынысы бойынша немесе талабы бойынша жалпы жиналыстың бастапқы күн тәртібіне өзгерістер енгізілсе, жиналысты шақыратын орган немесе адамдар жиналыс ашылғанға дейін жеті күннен кешіктірмей серіктестіктің әрбір қатысушысына осы баптың 1-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген тәсілмен осы өзгерістер туралы хабарлауға міндетті. 3. Жауапкершілігі шектеулі серіктестікке қатысушылардың жалпы жиналысын шақыратын орган немесе тұлға (тұлғалар) келіп түскен ұсыныстарды қарауға және оларды жауапкершілігі шектеулі серіктестікке қатысушылардың жалпы жиналысының күн тәртібіне енгізу немесе енгізуден бас тарту туралы шешімді жиналыс ашылған күнге дейін он күннен кешіктірмей қабылдауға міндетті. Жауапкершілігі шектеулі серіктестікке қатысушылардың жалпы жиналысын шақыратын орган немесе тұлға (тұлғалар) ұсыныстар қабылданған жағдайда жауапкершілігі шектеулі серіктестікке қатысушылардың күн тәртібіне өзгерістер енгізілгені туралы хабарлауға, сондай-ақ жалпы жиналыстың күн тәртібіне өзгерістер немесе толықтырулар енгізу жөніндегі ұсыныстар қабылданбаған жағдайда, өтініш берушіге жауапкершілігі шектеулі серіктестікке қатысушылардың жалпы жиналысы ашылғанға дейін жеті күннен кешіктірмей бас тарту туралы дәлелді жауап беруге міндетті. Егер ұсыныстарды жалпы жиналыстың күн тәртібіне енгізуден бас тарту және ол бойынша қабылданған шешім өтініш берушінің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзған жағдайда, ол мұндай шешімге осы Заңның 50-бабында көзделген тәртіппен шағымдануға құқылы. Жалпы жиналыстың күн тәртібіне «әртүрлі», «өзге», «басқа» және сол сияқты тұжырымдарды қоса алғанда, кең түсіністікпен мәселелерді енгізуге тыйым салынады.

4. Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің қатысушыларының жалпы жиналысын шақыратын орган

немесе тұлға (тұлғалар) серіктестікке қатысушының өзі жіберген талабы бойынша жиналыс ашылғанға дейін он күннен кешіктірмей оған жазбаша түрде және жиналыс ашылғанға дейін жеті күннен кешіктірмей күн тәртібіндегі барлық мәселелер бойынша шешімдердің жобаларын, талқылау күн тәртібіне енгізілген құжаттардың көшірмелерін жіберуге міндетті, сондай-ақ серіктестіктің жарғысында немесе серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін құжаттарда көзделген басқа да мәліметтер. Алдыңғы бөлігінде көрсетілген құжаттар мен мәліметтер, сондай-ақ олар бойынша тексеру комиссиясының (тексерушінің) қаржылық есептілігі мен қорытындысы және (немесе) аудиторлық ұйымның есепті кезеңдегі есебі серіктестіктің атқарушы органының үй-жайында жалпы жиналыс өткізу туралы хабарланған сәттен бастап, жиналыс ашылғанға дейін бірақ он бес күннен кем емес мерзімде еркін танысу үшін серіктестіктің барлық қатысушыларына ұсынылуға тиіс. Бұл ретте серіктестік қатысушыларына танысу үшін ұсынылатын құжаттардың көшірмелерін тегін алуға мүмкіндік берілуі тиіс. Қаржылық есептілікті және олар бойынша тексеру комиссиясының (тексерушінің) қорытындысын және (немесе) аудиторлық ұйымның өткен үш жылдағы есебін серіктестіктің атқарушы органы сақтауға және кез келген уақытта серіктестіктің кез келген қатысушысына танысу үшін ұсынуға тиіс. Серіктестікке қатысушылардың талабы бойынша оларға көрсетілген құжаттардан куәландырылған үзінді көшірмелер беріледі.

5. Жеті қатысушыдан кем жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғысында осы бапта және осы Заңның 47-бабының 5-тармағында көрсетілгендерден өзгеше мерзімдер көзделуі мүмкін. Заңның 47-бабына сәйкес жауапкершілігі шектеулі серіктестікке қатысушылардың жалпы жиналысын өткізудің мынадай тәртібі айқындалған

1. Жауапкершілігі шектеулі серіктестікке қатысушылардың жалпы жиналысының Регламенті осы Заңға, серіктестіктің жарғысына, серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін қағидаларға және өзге де құжаттарға не тікелей жалпы жиналысқа сәйкес айқындалады.

2. Жалпы жиналысты ашудың алдында жауапкершілігі шектеулі серіктестікке келген қатысушылар мен олардың өкілдерін тіркеу жүргізіледі. Қатысушылардың өкілдері тиісті өкілеттіктерді көрсетуге тиіс (осы Заңның 42-бабының 3 және 4-тармақтары). Тіркемеген қатысушы (қатысушының өкілі) қворумды айқындау кезінде есепке алынбайды және дауыс беруге қатысуға құқылы емес.

3. Серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысы хабарланған уақытта, келген қатысушылар мен олардың өкілдерін тіркеу деректері тиісті қворумның болуын болжауға жеткілікті негіз берген жағдайда ашылады.

Серіктестіктің барлық қатысушылары немесе олардың өкілдері тіркелген, хабарланған және жиналыстың ашылу уақытының өзгеруіне қарсылық білдірмеген жағдайды қоспағанда, жиналыс бұрын жарияланған уақытты аша алмайды.

4. Жауапкершілігі шектеулі серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысы, егер оған қатысып отырған немесе ұсынылған қатысушылар жиынтығында жалпы дауыс санының жартысынан астамын иеленсе, қворум шарттары сақталды деп танылады. Күн тәртібіне енгізілген мәселе бойынша шешім білікті көпшілік дауыспен немесе бірауыздан қабылдануы тиіс жағдайларда, егер серіктестікке қатысып отырған немесе оған ұсынылған қатысушылар жиынтығында жалпы дауыс санының үштен екісінен астамын иеленсе, жиналыс шешім қабылдауға құқылы.

5. Қворум болмаған жағдайда жауапкершілігі шектеулі серіктестікке қатысушылардың жалпы жиналысы бірінші шақырылған күннен бастап қырық бес күннен кешіктірмей қайта шақырылады. Жалпы жиналысты қайта шақырған кезде осы Заңның 46-бабында белгіленген ережелер сақталуға тиіс.

Қайта шақырылған жиналыс серіктестікке қатысушылар жиналысқа қатысқан немесе ұсынылған дауыстардың санына қарамастан заңды болып табылады. Егер оған қатысқан немесе ұсынылған

қатысушылардың жиынтығында жалпы дауыс санының жартысынан азы болса, онда мұндай жиналыс білікті көпшілік дауысты немесе бірауыздан келісімді талап етпейтін мәселелер бойынша ғана шешім қабылдауға құқылы.

6. Жауапкершілігі шектеулі серіктестікке қатысушылардың жалпы жиналысын атқарушы органның бірінші басшысы немесе оның міндетін атқаратын адам ашады. Байқау кеңесі, тексеру комиссиясы (ревизор) немесе серіктестікке қатысушылар шақырған жиналысты (осы Заңның 45-бабының 2-тармағы) тиісінше байқау кеңесінің төрағасы, тексеру комиссиясының төрағасы (ревизор) немесе олардың міндеттерін атқаратын адамдар не жиналысты шақырған серіктестікке қатысушылардың бірі ашады.

Тарату комиссиясы (таратушы) шақырған жалпы жиналысты тарату комиссиясының төрағасы (таратушы) немесе оны алмастыратын адам ашады.

7. Жалпы жиналысты ашқан адам жалпы жиналыстың төрағалық етушісі мен хатшысын сайлайды. Егер жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғысында өзгеше көзделмесе, жалпы жиналыстың төрағалық етушісі мен хатшысын сайлау туралы мәселе бойынша дауыс беру кезінде жиналыстың әрбір қатысушысының бір дауысы (жарғылық капиталдағы үлесіне қарамастан) болады, ал шешім қатысушылардың санының жай көпшілік даусымен қабылданады. Серіктестіктің атқарушы органының және оның тексеру комиссиясының мүшелері (ревизор), жиналысқа қатысып отырған серіктестіктің барлық қатысушылары атқарушы органға кіретін не серіктестіктің тексеру комиссиясының мүшелері (ревизоры) болып табылатын жағдайларды қоспағанда, жалпы жиналысқа төрағалық ете алмайды.

8. Жалпы жиналыстың хатшысы жалпы жиналыстың хаттамасын жүргізуге жауапты. Хаттамаға жалпы жиналыстың төрағалық етушісі және хатшысы қол қояды. Барлық жалпы жиналыстардың хаттамалары серіктестіктің атқарушы органы сақтайтын хаттамалар кітабына тігіледі және кез келген уақытта жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің кез келген қатысушысына танысу үшін ұсынылуы тиіс. Серіктестікке қатысушылардың талабы бойынша оларға хаттамалар кітабынан куәландырылған үзінді көшірмелер беріледі. 9. Күн тәртібіне енгізілген мәселелерді талқылау басталғанға дейін жалпы жиналыс қворумды белгілеуге міндетті. Бұл талапты орындамау қворумның бар екендігі анықталғанға дейін жалпы жиналыс қабылдаған барлық шешімдердің жарамсыздығына әкеледі. Тармақшаларда көрсетілген мәселелер бойынша дауыс беру кезінде 1), 4), 7), 9) және 10) осы заңның 43-бабы 2-тармағының, сондай-ақ серіктестіктің жарғысында немесе оның ішкі қызметін реттейтін қағидаларда және өзге де құжаттарда көзделген өзге де жағдайларда дауыс беру алдында тікелей қворумды қайта белгілеу қажет.

## Хабарландыру

«Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Абай ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ азаматтарды иесіз мүліктің келесі объектілерге құқығын тану туралы хабардар етеді:

1. Фельдшерлік-акушерлік пункт: Тайынша ауданы, Қарағаш ауылы, Жаңатлекская көшесі, 3А;

2. Медициналық пункт: Тайынша ауданы, Калиновка ауылы, Школьная көшесі, 12;

3. Медициналық пункт: Тайынша ауданы, Константиновка ауылы, Степная көшесі, 7.

Жоғарыда аталған объектілерге құқық белгілейтін құжаттары бар азаматтардан Заң меншігін белгілеу үшін құжаттармен Абай ауылдық округі әкімдігіне жүгінулеріңізді сұраймыз.

Байланыс телефоны: 76-796.

Меншік иесі: «Тайынша таңы»  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып,  
мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу  
жөніндегі ресми басылымы болып табылады.

Индекс: 65710

Газет әр аптаның жұма күні шығады.

Директор -  
Бас редактор  
Гүл НҰРАЛИНА



Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі  
Ақпарат және мұрағат комитетінде 2010 жылы 20 қазанда қайта тіркеліп,  
№10803-Г куәлігі берілген.

Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің  
компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.»  
ЖК-де офсеттік тәсілмен басылған 020000. Көкшетау қаласы,  
Әуелбеков көшесі, 98 үй.

Тапсырыс: 210. Таралымы: 1300.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:  
Солтүстік Қазақстан облысы,  
Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы, 206-үй.  
БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОННЫМЫЗ:  
8 (715-36) 2-19-99

Жарияланған мақала авторларының пікірлері  
редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба  
қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап  
жолданбайды. Жарнаманың келіп түскен  
материалдардың мазмұны мен мәтініне  
хабарлама беруші автор өзі жауапты.